Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 59-60

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН «ҚАЗАҚСТАН МЕТРОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ» МҰРАҒАТ БӨЛІМІНІҢ ЖАЛПЫ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСУ

Нұрланқызы А.

Мұрағат шегіндегі құжаттарды топтастыру қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Мемлекет, республика, қала, кәсіпорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттық табылмас қайнар көзі бола алады. Мұрағат шегіндегі құжаттарды, фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады.

Іс қағаздары – басқару қызметіндегі негізгі бір сала. Ұйымдар мен мекемелердің, кәсіпорындардың қызмет етуі барысында шығарған түрлі шешімдері, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Сондықтан халық шаруашылығын басқаруды жетілдіруі, оны ұйымдастыру деңгейін көтеру онда мұрағат шегіндегі құжаттармен жұмыс істеудің қаншалықты ғылыми негізделгеніне тікелей байланысты. Іс қағаздарын жүргізу – басқару процесінің ажырамас бөлігінің бірі болып табылады. Мекемелер арасындағы ақпарат алмасу хат, жеделхат, телефонхат сияқты мұрағат шегіндегі құжаттар арқылы іске асады. Үкіметтің басқару істері жарғы, қаулы, нұсқау, ереже, бұйрық сияқты мұрағат шегіндегі құжаттар арқылы жүргізіледі. Іс қағаздарын жүргізу – мекеме жұмысының нақты мұрағат шегіндегі құжаттармен, деректермен реттелген, дәйектелген жүйесі.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағаттық қор және мұрағат туралы» Заңына сәйкес «ҚазМетрИн» РМК (әрі қарай– мекеме) жұмысының нәтижесінде құрылған құжаттар және ерекше тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени маңызы бар құжаттар тарихи-мәдени мұраның бірегей бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде қорғалады.

Мекеме өз жұмысы нәтижесінде құрылған ҚР Ұлттық мұрағаттық қорға жататын құжаттардың іріктелуін, есепке алынуын, реттелуін, қолданылуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

Ведомстволық мұрағат үшін құжаттар сақтауға арналған (мамандандырылған, бейімделген) жеке ғимарат немесе ұйымның әкімшілік ғимаратынан бөлмелер беріледі.

Жалпы алғанда мұрағат кез-келген мекеменің маңызды роль атқаратын блімі болып табылады. Себебі мұрағатта барлық қажетті және керекті құжаттар мен мәліметтер сақталады.